



АҚОРДА



ОТАНДАСТАРЫМЫЗБЕН КЕЗДЕСТІ

Вашингтонда өткен Бейбітшілік кеңесіне қатысқан Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ Америка Құрама Штаттарында тұратын және білім алып жүрген Қазақстан азаматтарымен кездесті.

Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпаққа үлкен үміт артатынын айтты. Сондай-ақ мемлекет жастарға ұдайы қолдау көрсетіп, олардың жан-жақты дамуына және қабілет-қарымын ұштауға қолайлы жағдай жасайтынын жеткізді.

Президент наурыз айында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасы бойынша өтетін жалпыхалықтық референдумның ел болашағы үшін тарихи маңызы зор екеніне назар аударды.

Студенттер мен жас зерттеушілер ғылым және білім саласына жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылық білдірді.



BOEING КОМПАНИЯСЫНЫҢ АТҚАРУШЫ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ ДЖЕФФ ШОККИДІ ҚАБЫЛДАДЫ

АҚШ-қа жұмыс сапары аясында Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ авиация, қорғаныс және ғарыш техникаларын шығаратын Boeing трансұлттық корпорациясының басшылығымен кездесті.

Президент отандық Air Astana, SCAT және Vietjet Қазақстан компаниялары еліміздегі авиация саласын дамытуда ерекше маңызға ие ортақ жобаларды одан әрі ілгерілетуге мүдделі екенін атап өтті.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Air Astana мен Boeing арасында ұшақ жеткізу бойынша келісімге қол қойылғанын құптады. Биыл жыл соңына дейін Құрама Штаттарға тікелей әуе қатынасын ашу мақсатында Boeing 787 Dreamliner ұшақтары елімізге жеткізіледі деп жоспарланып отыр.

Джефф Шоки компанияның цифрландыру саласындағы жоспарымен бөлісіп, Қазақстанның көлік-транзит әлеуетіне жоғары баға берді. Оның айтуынша, әуемен жүк тасымалдау бағытында нәтижелі ықпалдастық орнатуға мүмкіндік мол.

Сонымен қатар кездесу барысында авиация саласына маман даярлау және еліміздегі жүк тасымалдаушы ұшақтар паркін дамыту перспективасы талқыланды.

«JETISY-АҚПАРАТ»



ЕҢБЕК АДАМЫ

ЕРКІН АУЫЛЫН-ДАҒЫ ЖАС КӘСІПКЕРДІҢ ІСІ – АДАЛ ЕҢБЕК ПЕН ТАБАНДЫЛЫҚТЫҢ НАҚТЫ КӨРІНІСІ. КЕЙІПКЕРІМІЗ ӨЗ ІСІНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАП, АУЫЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ҮЛЕС ҚОСЫП ОТЫРҒАН ЖАС БУЫН ӨКІЛІ. ОЛ ЕРКІН АУЫЛЫНДА НАУБАЙХАНА АШҚАН 25 ЖАС ТАҒЫ ЕРБОЛАТ ЕРЕНТАЛОВ.

Қажет АНДАС

Жас кәсіпкердің наубайхана ашқанына небәрі төрт ай ғана болса да, бүгінде ауыл тұрғындарына күн сайын балдай нан ұсынып отыр. Өйткені, ол бұл жолға ұзақ еңбектенудің арқасында жетті. Ерболат бала күнінен ата-анасының кәсіпкерлікпен айналысқанын көріп өсті. Еңбектің қадірін ерте түсінген ол болашағын кәсіппен байланыстыруды жөн санаған. Наубайхана ашпас бұрын Алматы қаласына барып, нан өндірісінің қыр-сырын үйреніп, тәжірибе жинақтаған.

Өзінің киіп-терген қаражаты мен ата-анасының қолдауына сүйене отырып, өткен жылдың маусым айында цех құрылысын



Суретті түсірген Ахметрий ЕРОФЕЕВ

БӨЛКЕДЕН БАСТАЛҒАН БИЗНЕС

бастаған. Қараша айында құрылыс толық аяқталып, кәсіпорын бірден жұмысын бастап кеткен.

Наубайханаға қажетті құрылғылар Алматыдан сатып алынған. Қытайлық және еуропалық заманауи жабдықтар орнатылған. Қамыр илейтін, нан пісіретін, суытатын және сақтайтын құрылғылар толық жұмыс істеп тұр.

Бүгінде мұнда нанның 7 түрі өндіріледі. Кәсіпорынның басты ерекшелігі – химиялық ашытқы қолданылмайды. Ашытқыны өздері дайындайды. Ал шикізат – жергілікті «Баракат» ұны.

– Жұмыстың басым бөлігі қолмен атқарылады. Қазіргі таңда наубайханада 6 адам еңбек етеді. Әр қызметкердің айлық жалақысы 220 мың теңгеден жоғары. Кә-

сіпорын тәулігіне 350 – 400 дана бөлке нан шығарады. Әр нанның салмағы 600 грамм. Бағасы 500 – 700 теңге аралығында, бұл қамырға қосылатын қоспаларға байланысты. Жұмыс уақыты таңғы 08-00-ден кешкі 17-00-ге дейін. Сенбі, жексенбі демалыс күндері, – дейді жас кәсіпкер.

Ерболат алдағы уақытта цех көлемін ұлғайтып, өндіріс ауқымын арттыруды жоспарлап отыр. Негізгі мақсаты – ауыл тұрғындарын сапалы, табиғи нанмен тұрақты қамтамасыз ету. Жұмысын ұлғайту үшін мемлекеттің төмен пайызды қаржылай көмегіне ие болуды да ойлап жүр. Алдағы уақытта конкурстарға қатысып, бағын сынап көрмекші.

Еркін ауылы,
Талдықорған қаласы

ЖЕТИСУДА ЖАСАЛҒАН



Сүттен ҚҰТ ӨНДІРГЕН

Дастанбек САДЫҚ

Жанталас деген жаһандану дәуірінде жалқаулықты желкеге мінгізгендер көп қазір. Екі қолға бір құрал таппай жүргендер де бар. Көпшіліктің айтары: «Қайтсем күнім оңалар, қайғы-мұңым жоғалар!» Бұлай дегеннің өзінде «Бүгінгі күннің кешегісінен айырмасы жоқ» дейтіндер де табылады. Күннен күннің айырмасы қайсы? Бүгінгі кешегіден ерек қылар не дүние? Тірлігінде! Бәрін айт та, бірін айт, тірлік етудің жырын айт. Колдан келерін істе, тырбаңда. Мемлекеттен несие ал, кәсіп қыл. Ал ондай болмады екен, кімге өкпелейсің? Ешкімнің ешкімге, адамның мемлекетке міндеті жоқ. Міндетсіңсең, күннен күннің айырмасы болмайды. Осындай ой нәзіктігіне қарамай қайратын жаныған, кем қалмау деген тұрмыста қаракеті дараланған, жастығына қарамай бас болған Назерке Қуанышқызы есімді бұрымдының тірлігінен туындап отыр. Ісіне көз сүйсінді, көңіл тояттады. Соған орай «Жетісуда жасалған» айдарының тағы бір кейіпкеріне айналып отыр.

(Соңы 3-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ



БАЛА БАҚЫТЫ – ҚОҒАМ ЖАҚҰТЫ

Айдар ҚАЛИЕВ

Сәби сүю бақыты – ата-анаға Тәңірден берілген сыйдың ең кереметі. Бала жүрегі – кішкентай күйсандық іспетті. Кілтің тапсаң ғана ашылады. Ежелден ұрпағына ұлт болашағы деп қарайтын дана халқымыз бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Өкінішке қарай бүгінгі қоғамда басына қонған бақ пен

Жаратушының берген бақытын бағалай алмай жатқандар көп. Соңғы уақытта әлеуметтік желіде өз баласының өзегінен теуіп, тілі шықпаған шынашақтай ұл-қызын аяусыз ұрып-соғып жатқан ата-аналардың бейнежазбасы көп таралып кетті. Біреу бір сәбиге зар болып жүрсе, безбүйрек ана мен тасбауыр әкелер сабап жүр. Үсті-басы көкала қойдай болған бейкүне бүлдіршіндерді көргенде жаның ауырып, жүрегің сыздайды.

(Соңы 5-бетте)

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

«Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» мәселесі бойынша

Референдум азаматтардың ерікті қатысуы, ойын ашық білдіруі, сондай-ақ жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру қағидаттары бойынша өткізіледі

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

www.election.gov.kz

БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Білім беру саласы – қай қоғамда болсын мемлекет дамуының қозғаушы күші. Бүгінде Қазақстанның білім жүйесі үлкен бетбұрыс кезеңінде тұр. Ата Заңымызға енгізілген өзгерістер мен «Білім туралы» Заңдағы жаңа нормалар еліміздің ертеңіне тікелей әсер ететін маңызды қадам.

Бұрынғы Конституцияда білім алу мәселесі негізінен жалпылама сипатталса, жаңаланған Ата Заңымызда бұл әлеуметтік маңызды басымдық ретінде нақтыланды. Бұрын азаматтардың тегін орта білім алуы ғана басты назарда болса, қазіргі таңда мемлекет тарапынан конкурс негізінде тегін жоғары білім алу мүмкіндігі конституциялық деңгейде бекітілді. Бұл – әлеуметтік жағдайға қарамастан, кез келген талантты жастың жоғары білім алуына мемлекет тарапынан берілген кепілдік. Сонымен қатар, білім сапасына қойылатын талаптар мен мемлекеттік стан-

дарттардың жоғары деңгейде бекітілуі – сапасыз білім беру қызметіне тосқауыл қоюдың басты тетігі.

«Білім туралы» Заңдағы өзгерістердің ең өзекті бөлігі – педагогтардың мәртебесін көтеру. Мұғалім – білім беру жүйесінің тірегі. Осыны ескере отырып, соңғы жылдары мұғалімдердің еңбекақысы едәуір көтерілді, оқу жүктемесі оңтайландырылды, педагогтарды өздеріне тән емес жұмыстарға тартуға заң жүзінде тыйым салынды. Бұл өзгерістер ұстаздың тек сабақ берумен ғана айналысуына, кәсіби тұрғыдан өсуіне және шы-

ғармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашты. Ұстаздың әлеуметтік жағдайы жақсы болса, білім сапасы да жоғары болатыны анық.

Реформаның тағы бір маңызды бағыты – білім алушылардың құқығын қорғау. Қазіргі заңнамада әрбір баланың қауіпсіз әрі заманауи ортада білім алуына баса назар аударылған. Білім беру нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайту, мектептерді цифрландыру және инклюзивті білім беруді дамыту – заңды түрде қолдау тауып отырған басымдық.

Оқыту процесін жаңғырту – заман талабы. Мұғалімнің қоғамдағы беделін арттыру арқылы біз сауатты, сыни ойлай алатын және өз құқықтарын білетін жаңа буынды тәрбиелей аламыз.

Жаңа Конституция мен «Білім туралы» Заңдағы оң өзгерістер – бұл тек қағаз бетіндегі нормалар емес, бұл – ел болашағына құйылған инвестиция. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан бұл қамқорлық ұстаздың беделін биіктетіп, шәкірттің білімге деген құштарлығын арттыратыны сөзсіз. Білімді ұлт қана бәсекеге қабілетті мемлекет құра алады.

Данияр АҚМОЛДАЕВ,
облыстық мәслихаттың депутаты

ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ

Жаңа Конституцияның жобасы баспасөз құралдарының беттерінде жарияланып, көпшілік қызу талқылауда. Жаңа Ата Заң жобасы – тарихи мүмкіндік.

Ата Заңымызға әлемдегі ең үздік басты заң саналатын Франция елінің Конституциясы негіз етіп алынған. Жобада қарастырылған адам құқықтары мен бостандықтарына, халықты әлеуметтік қолдауға, білім мен ғылым инновациясына, мәдениетке, адам капиталына, цифрландыру мен технологияны өркендетуі дамытуға басты басымдық берілген. Сонымен бірге көптен бері қоғам тарапынан билікке қойылған орынды талаптар – бір палаталы Парламентке көшу, Сенатты тарату, Мәжіліс депутатын сайлаудағы Президент квоталарын жою, ҚХА-на қатысты тағдырқешті мәселелер мен сын-пікірлердің билік тарапынан дер кезінде ескерілуінің нәтижесінде мемлекет басшысы ауқымды Конституциялық реформа жасауды қолға алғаны ақиқат. Ұлттық Құрылтайдың тарихи маңызы зор. Бір палаталы Парламентті Құрылтай деп атау, заң шығару бастамасы құқығын иеленетін Президент жанындағы жоғары консультативтік орган – Қазақстанның Халық кеңесін құру туралы мемлекет басшысының игі бастамалары жаңа Конституция нормаларында көрініс тапты. Сонымен бірге мемлекеттік билікте вице-президент институтын енгізу, адвокаттық қызмет туралы жеке бап, зияткерлік меншікті қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін нормаларды күшейту, сондай-ақ заңның кері күшіне тиым салу, бір іс-әрекет үшін қайта жазаламау, кінәсіздік презумпциясын мүлтіксіз сақтау туралы, халықаралық деңгейдегі ең үздік деп танылған ерекше құқық нормасы «Миранда ережесін» Конституцияға енгізу алдағы уақытта азаматтардың құқықтары мен

бостандықтарының сенімді қорғалуына кепілдік беретініне сеніміміз зор.

Жаңа Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтары, халықтың бірлігі мен ынтымағы, этносаралық және конфессияаралық келісім, тәуелсіздік, егемендік, аумақтық тұтастық, әділдік, заң мен тәртіп, табиғатқа ұқыпты қарау қағидаттары жаңаша көрініс тапқандығымен құнды болды десек қателеспейміз. Конституция – тәуелсіз мемлекетіміздің алдағы кезеңге арналған саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуына жарқын жол ашатын стратегиялық маңызы зор басты заң. Әлемде қалыптасып отырған шиеленісті геосаяси жағдайлар, тұрақсыздық және қоғамның ішкі сан салалы сұраныстары мемлекетіміздің құқықтық алтын тұғыры болып саналатын жаңа Конституциямызды қабылдау қажеттілігін туындатып отырғаны ақиқат.

Жарияланған жаңа Конституция жобасын талқылау процесіне үн қосу үшін әрбір озық ойлы Қазақстандық «e-Otinish» және «eGov» порталдары арқылы өз ұсынысы мен пікірін ашық білдіруге құқылы. Ал түпкілікті шешім жалпыұлттық референдумда қабылданады. Жарқын болашағымыздың сенімді кепілі Конституциялық реформаны табысты жүзеге асыру билікпен қатар барша қазақстандықтарға жоғары жауапкершілік жүктейтінін саналы түрде ұғынғанымыз абзал.

Бекмұхамет СӘЛІМУЛЫ,
Заңгерлер және Журналистер одақтарының мүшесі
Жаркент қаласы

«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫ БАР АЗАМАТТАР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛУІН ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскенізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ

КӘСІБІ – НӘСІБІ


ӨРІСКЕ БАСТАР АГРОӨНЕРКӘСІП

Өңірдің агроөнеркәсіп кешенін дамыту жолында тағы бір маңызды қадам жасалды. NAT AGRO компаниясы І. Жансүгіров ауылында 2500 басқа арналған заманауи мал бордақылау алаңын пайдалануға берді. Аталған жобаға 1,5 млрд. теңге инвестиция тартылып, кәсіпорын толық қуатымен іске қосылғанда жылына 1 500 тоннаға дейін жоғары сапалы сиыр етін өндіру жоспарланып отыр.

Гүлжан ТҮРСЫН

Қазіргі таңда кешен аумағында ангус, казактын ақбас, симменталь және әуликөл тұқымдарына жататын 700 бас ірі қара төрт ай

мерзімге бордақыға қойылды. Мал басын асылдандыру мен өнім сапасын арттыру үшін заманауи азықтандыру және күтіп-бағу технологиялары қолданылуда. Соның нәтижесінде еттің шығымы мен сапасы халықаралық стандарттарға сай болмақшы.



Жобаның әлеуметтік маңызы да жоғары. Бордақылау алаңында 10 тұрақты жұмыс орны ашылып, ауыл тұрғындары еңбекпен қамтылды. Алдағы уақытта өндіріс көлемі ұлғайған сайын қосымша жұмыс орындарын ашу көзделіп отыр.

Сонымен қатар, сәуір айынан бастап тәулігіне 64 бас мал союға арналған алаңның құрылысы басталмақшы. Бұл нысан іске қосылғаннан кейін өнімді өңдеу, сақтау және өткізу үдерістері бір жүйеге келтіріліп, дайын етті тікелей тұтынушыға жеткізуге мүмкіндік туады. Құрылыс жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған.


Жобаның өңір үшін маңызын атап өткен кәсіпорын басшысы Азат Көпжасаров:

– Бұл жоба өңірде ет өндірісін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Заманауи технологияларды енгізу арқылы сапалы әрі бәсекеге қабілетті өнім шығаруды мақсат етіп отырмыз. Ең бастысы – ауыл тұрғындарына тұрақты жұмыс орындарын ашып, жергілікті экономиканың дамуына үлес қосу, – дейді.

Сарапшылардың пікірінше, NAT AGRO компаниясының бұл бастамасы өңірдің аграрлық әлеуетін арттырып қана қоймай, ішкі нарықты отандық өніммен қамтуға және экспорттық мүмкіндіктерді кеңейтуге де жол ашады.

Ақсу ауданы

ЖАЙДАРМАН



Жаркенттегі «Баркөрнеу» сауда үйінің бірінші қабатында боулинг және бильярд орталығы ашылды. Кәсіпкер Нұртас Сегізбай ойын-сауық орталығын ашуға қомақты қаржысын жұмсаған екен.

Орталықта 8 бильярд столы, 4 боулинг алаңының жолағы бар. 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Жалпы аумағы 800 шаршы метрді қамтитын кешенде келушілерге емін-еркін спортпен шұғылдануына жағдай жасалған.

Жаңа орталықтың жұмысымен танысып, жас кәсіпкердің іскерлігіне қолдау көрсеткен аудан әкімі Марат Сағымбек ашылу салтанатында құттықтау тілегін білдірді.

– Жергілікті кәсіпкерлер қаржысын өңірдің өркендеуіне жұмсап жүргенін өздеріңіз де білесіздер. Осы орталықтың ашылуына кәсіпкер 150 миллион теңгеге жуық қаржысын жұмсаған. Бұл аудан экономикасына тартылған жаңа инвестиция. Оның сыртында 30 адамды жұмыспен қамтамасыз етті, – деді аудан басшысы.

Салтанатты шараға келушілердің айтуынша Жаркент өңірінде бірінші рет ашылған боулинг жай ғана ойын емес. Ол осы залға келген әр адам үшін достарымен көңіл көтеріп, сауық құратын мереке. Мұнда бұрын да қонақүйлер мен жеке адамдар үйіне қойып жүрген бильярд ойыны да әріптес достар ортасында қол мен көз мергендігін, жан шеберлігін сынайтын бәсекеге негіз спорттың түрі. Жаңа ойын-сауық отауы тұрғындардың қызығушылығын арттыратыны сөзсіз.

Мырзағали НҮРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

(Соңы. Басы 1-бетте)



СҮТТЕН

ҚҰТ ӨНДІРГЕН

«Еңбегі ерге бергісіз» деген сөз бар. Ерлермен иін тіресе жүріп, талай жігіттің иығы көтермеген тірлік істей алатын нәзікжандыға айтылған тенеу бұл. Қанша ердің оң жамбасына, қанша азаматтың қолынан келмеген істі дөңгелетіп әкеткен кейіпкеріміз не істепті дейтініміз анық. Жоктан бар жасап отырған жоқ, қолда барды ұқсатуда.

Назерке Ибраимова Панфилов ауданы, Үлкеншыған ауылында 1997 жылы дүниеге келген. Қысқаша, өмірбаянына тоқталсақ, кейіпкеріміз Алматы қаласындағы №143 Сүйінбай Аронұлы атындағы мектепті тамамдаған. Содан кейін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Әлеуметтік экономикалық факультеті «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығына оқуға түскен. Студенттік жылдарында университет өміріне белсене қатысқандықтан «Жастар комитетінің» президенті болып жұмыс атқарып, оқуын 2019 жылы үздік дипломмен аяқтаған. Оның бір бүйрегі ауылға тартып тұрғандай.

Кәсіпкердің жасы әлі отызға жетпеген. Дейтұрғанмен, Панфилов ауданын былай қойғанда Алматы қаласына танылған «НК» белгісімен өнім шығарып келеді. Күніге 1000 литр сүт өңдеп, 10 түрлі өнім даярлайды. Кілегей, құрт, сары май, сүзбе, ірімшік, қазақтың рафалдосы, түрік айраны сынды өнімдері көпке әбден танылған. Танылғаны былай тұрсын, сұранысқа ие.

– Кәсібіміз 10 литр сүттен басталған. Үй жағдайында өнім даярлап көрдік. Сосын осыны неге ауқымды жүзеге асырмасқа деген ой туды. Шыны керек, қолда бар мүмкіндікті пайдаланбай, төбедегі ағаш бұтасына қарап, «жемесің ниссе, ауызға түссе» деп жатуға болмайды ғой. Уақыт талабы тынымсыз тірлікке негізделген. Оның үстіне балаларымыз, күйеуіміз, ата-енемнің жағдайын жасап

ізденудің нәтижесінде 2024 жылы «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қатысып, бақ сынады. Өнімнің сапасы мен кәсіптің өміршеңдігін байқаған тиісті құрылымдар жоба жеңімпазы деп таниды. Нәтижесінде Назерке Қуанышқызы 5 млн. теңге мемлекеттік грантқа қол жеткізеді.

– Қазір цехта 10 адамды жұмыспен қамтып отырмыз. Басты мақсат – табиғи таза өнім шығару. Тұтынушыға сапалы тауар ұсыну. Сондықтан қызметкерлерге қойылар алғашқы талап санитарлық тазалық. Шикізатты Жаркент қаласы мен оның маңайындағы ауылдардан және Алматы облысы Шарын ауылындағы жеке шаруашылықтардан алынады. Сүт мұнда ветеринар мамандардың анықтамасының негізінде жеткізіледі. Сонымен қатар, сүттің майлығын өлшейтін арнайы құрылғымен тексеру арқылы қабылданады, – дейді Назерке Қуанышқызы.

Қазір «НК_zharkent сүт өнімдерін өндіру» цехында тәулігіне орта есеппен 30 келіге жуық кілегей, 30 келіге жуық құрт, 20 литрге жуық

жүрген үй шаруасындағы әйелмін. Мұндай кезде нәзікжандылардың мында «бірдеңе істеу керек» деген түрткі ой туындайды емес пе?! Ойымды күйеуіме жеткіздім. Қай кезде де қолдаушың нәм қорғаушың боп жүрген отағасы өз батасын берді. Қолдауын аямады, – дейді кәсіпкер.

Назеркенің жары Абай Ибраимов Kazakh Avto logistic атты туристік мекемеде еңбек етеді. Зайыбына қолдау білдіруге бірнеше себебі де бар екен.

– Үйде отырып жасайтын кәсіп болса деген ой көптен мазалап жүрген. Қазақта «Қосағыңмен қоса ағар» деген сөз бар. Нарықтық нәм жаһандану дәуірінде әйелді үйде отырғызып қоюға болмайды. Қоғамдық өмірге белсенді араласу керек. Бұл ойын қолдауыма себеп болған екінші жайт, балаларымыз зиянды қоспасы бар тағамдарға әуес болуына алаңдаушы едім. Қалай дегенмен, олардың денсаулығы біз үшін аса маңызды, Цех ашқалы сонда өндірілген тағамдары сүйсініп жетеді. Цехтағы барлық шаруаға Назеркенің өзі жетекшілік етіп, жүргізеді, мен көмек қажет кезде тиісті жәрдемді беріп тұрамын, – дейді отағасы.

Жоғарыда айтқанымыздай, кәсіп қызығушылықтан басталғандай. Әуеліде 10 литр сүт өңделеді. Артынан аз мөлшер көбейеді. Өйткені, табиғи өнімге сұраныс артады. Күніге 30 литр сүт өңдей бастағанда цех ашу идеясы туындайды. Үй ауласынан салынған 40 шаршы метрлік шағын ғимарат тұрғызылады. Сол ғимаратқа қажетті жабдықтар, шикізатты өнімге айналдыратын құрылғылар, тоназдықтар, ылғалдылық реттегіш аппараттар алынады. Осылайша 2022 жылы негізі қаланған шағын цех иесі өрісін одан әрі кеңейтуді көздейді. Маңайындағылармен ақылдасады, іс бастағандардан кеңес алады. Сондай

айран, 10 келідей ірімшік, сүзбе, сары май жасалады. Тұтынушылардың тапсырысына орай жент те дайындалады. Цех өнімі «НК» белгісімен шығарылатын тауарлар Алматы қаласындағы 4 сауда орталығында және Жаркент қаласындағы 7 сауда желі дүкендерінде сөреге қойылған. Панфилов ауданының тұрғыны Шынар Дарманқұлова Назеркенің цехында өндірілген өнімдерге оң бағасын беріп отыр.

– Дүкеннен «НК» белгісімен сүт өнімдерін жәй аламыз. Балаларымыз бұл өнімге сүйсінеді. Шыны керек, химиялық қоспалар негізінде дайындалған құрт-майға қарағанда Назерке Қуанышқызының тауарлары таза, табиғи. Қазір біздің отбасымыз осы өнімді тұтынуға бел будық, – дейді тұтынушы.

Бүгінде сүт өңдеу кәсіпорнында құрылғылар толық автоматтандырылған. Оған себеп, «Ауыл аманаты» бағдарламасы. Цехтың іргесін кеңейту үшін аталмыш бағдарлама өзегінде 9,3 млн. теңгеге жуық 2,5 пайызбен несиеге қол жеткізген. Назерке Ибраимова мұнымен тоқтап қалмауға бел буған. Кәсібін өрсілетіп, Алматы қаласынан әрі асып, Қазақстанның нарығына шығуды көздейді. Себебі, кәсіпкеріміз сүттен құт өндірген.

Бар-жоғы 3-4 жылда іргелі кәсіп иесі атанған Назерке Қуанышқызының қарекеті көпке үлгі. Оның айтуынша, адам тірлік етуі керек. Тынымсыз болуы тиіс. Жалақыға жұмыс істеу қиынға соқса, мемлекет берген несиеден алып, қысқа баста. Пайызы аз, ешқандай кәсіпағы жоқ бағдарламалар арқылы өз күніңді көруге тырыс. Қиын ба? Одан басқа қандай мүмкіндік керек? Тегін ірімшік тек қақпаңда болады. Жеміс – еңбек еткенге, маңдай терді төккенге беріледі. Нарық масылдық пен жалқаулықты ұнатпайды.

Панфилов ауданы

СҮ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Облыста вегетациялық суару кезеңіне дайындық жұмыстары басталды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Мамандардың айтуынша, Қазгидрометтің болжамына сәйкес, биылғы вегетациялық кезеңде суармалы судың аз болуы күтілуде. Қыста жиналған қар біркелкі емес. Ақсу, Қаратап, Сарқан, Ескелді, Панфилов аудандарында қажетті мөлшерден 16-18%-ға төмен, Алакөл ауданында мөлшер шегінде, ал Кербұлақ ауданында мөлшерден 11%-ға жоғары. Жалпы, облыс көлемінде күзгі кезеңде 165 шақырымды құрайтын 40 арна тазартылған. Вегетациялық кезеңге дейін қосымша 170 шақырым 80 арна тазартылмақ.

Бұдан бөлек, биыл жергілікті бюджет қаражаты есебінен құны 1,1 млрд. теңге болатын 3 нысанның күрделі жөндеу жұмыстарына 566,4 млн. теңге бөлінді, оның ішінде 2 нысан бойынша 18,8 шақырымды құрайтын 2 арнаға механикалық тазалау жұмыстары жүргізілетін болады. Жалпы облыста 34,7 млрд. теңгеге 11 су нысандарының құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде жергілікті бюджеттен құны 3,7 млрд. теңге болатын 6 нысанның құрылысы аяқталған.

Атап айтқанда, Сарқан ауданында Тәуке және Ащылы Өзек магистралдық арналардың күрделі жөндеу жұмыстары. Сонымен бірге, Сарқан ауданындағы «Сасық-Кемер», «Левобережный», «Правобережный», «Общественный» атты 4 магистралды арналарға 138,5 млн. теңгеге жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Ақсу ауданында бүгінгі республикалық бюджет қаражаты есебінен Қызылағаш суару массивінің құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ол биыл аяқталады деп жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, Ислам даму банкі арқылы Ақсу ауданының суару желілерін қайта жаңғырту жұмыстары 85%-ға орындалып, жыл соңына дейін тәмамдалмақ. Сонымен бірге, Алакөл ауданының суару жүйелеріне қайта жаңғырту жұмыстары бойынша 2 жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. Бұл жобаларды Ислам Даму банк қаражаты есебінен іске асыру жоспарланған.

Жылдан жылға суармалы су мәселесі күрделеніп келеді. Сол себепті су үнемдеу технологиясын енгізу заман талабына айналуға. Кешенді жоспарға сәйкес 2030 жылға дейін аймақтағы 200,7 мың гектар суармалы жердің 175,2 мың гектары қамтылуы тиіс. Өткен жылы мұндай технология 33,7 мың гектарға енгізілді. Биылғы жоспар 79,2 мың гектарды құрап отыр. Жоспардағы жұмыстарды жүзеге асыру үшін Солтүстік Қазақстан облысының тәжірбиесін тираждау мақсатында 2,1 мың гектарға су үнемдеу технологиясын енгізу бойынша құны 5,5 млрд. теңгеге құрайтын 5 жоба қаржыландырылған.

Бұған қоса, бүгінгі күні 41 шаруашылықпен 11,7 мың гектар жерге су үнемдеу технологиясын енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жақын арада ҚазАгроҚаржы филиалымен су үнемдеу технологияларын енгізуге бағытталған төмен пайызды жаңа лизинг бағдарламасы ашылмақ.

Су үнемдеу технологияларын қол жетімділігін арттыру мақсатында Талдықорған қаласының индустриялды аумағында жылдық қуаттылығы 110 бірлікті құрайтын «Jetisu Agro complex» ЖШС жаңбырлатқыштарды құру цехының құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Бұл жоба құны – 2 млрд. теңге. Бұдан бөлек, облыста арзан және қолдануға жеңіл суарудың дискреттік тәсілі өткен жылы 4,8 мың гектар алқапта енгізілген. Биыл да осы технологияны қолдануды ұлғайту жоспарланып отыр.

АҚБЕРЕН

ӘСКЕРИ ӨМІРМЕН ТАНЫСТЫ

Үштөбе гарнизонында орналасқан №15603 әскери бөлімінде оқушыларға арналған ашық есік күні өтті. Оған Жанаталап орта мектебінің жоғары сынып оқушылары қатысты.

Шара барысында оқушылар әскери бөлімнің күнделікті тыныс-тіршілігімен танысып, сарбаздардың жауынгерлік даярлығын, қазармаларын, жатын орындарын, әскери киім үлгілерін және қолданылатын қару-жарақ түрлерін тамашалады. Әскери қызметшілер оқушыларға әр нысанның маңызын түсіндірді.

Болашақ Отан қорғаушы ретінде оқушылар көрген-білгенінің барлығын үлкен қызығушылықпен қабылдап, өздерін толғандырған сұрақтарын қойды. – Шараның мақсаты – жасарға әскери қызметтің маңызын түсіндіру, Отан қорғау әр азаматтың қасиетті борышы екенін көрсету. Бүгінгі оқушылар ертеңгі ел қорғаны. Сондықтан олардың әскер туралы көзқарасының дұрыс қалыптасуы біз үшін өте маңызды, – дейді №15603 әскери бөлім командирінің орынбасары, майор Дидар Абишев.

Ашық есік күні оқушылар үшін танымдық әрі тәрбиелік мәні зор шара болды. Әскери бөлім басшылығы мұндай кездесулер алдағы уақытта да жалғасын табатынын атап өтті.

ЖЕТИСУ ГАРНИЗОНЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ



СҰРАҚ сізден, ЖАУАП бізден

– 2026 жылы БЖЗК-дан берілетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері қалай өзгерді?

– 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗК) төленетін зейнетақы төлемдері зейнетақы төлемдерін бұрыннан алып жүрген зейнеткерлер үшін 5 пайызға ұлғаяды. Естеріңізге сала кетейік, БЖЗК-дан берілетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады. Аталған әдістемеге сәйкес, зейнетақы төлемдерін алғаш рет ала бастайтын азаматтар үшін ай сайынғы төлем мынадай тәртіппен есептеледі: зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарын төлеу мөлшерлемесі – 6,5 пайызға көбейтіліп, 12 айға бөлінеді. Кейінгі жылдары ай сайынғы төлем мөлшері зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесіне сәйкес 5 пайызға арттырылып отырады. Бұл ретте БЖЗК-дан жүзеге асырылатын ай сайынғы зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (ЕТК) кемінде 70 пайызына тең. 2026 жылғы ең төменгі күнкөріс деңгейі – 50 851 теңге.

Әдістемеді төменде көрсетілген санаттарға жататын азаматтар үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу кезінде қолдануға болатын арттырушы түзету коэффициенттері көзделген: мерзімсіз уақытта белгіленген I немесе II топтағы

мүгедектігі бар адамдар; міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары жиынтығында кемінде 60 ай төленген және зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар. Егер азамат жоғарыда көрсетілген екі талапқа бірдей сәйкес келсе, ең жоғары мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

– 2026 жылы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының мөлшерлемесі қандай?

– 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының мөлшерлемесі қызметкер табысының 3,5 пайызына дейін ұлғайтылды. Еске саламыз, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі жаңа құрамдас бөлік – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарымен толықтырылды. Қабылданған өзгерістерге сәйкес, әрбір жұмыс беруші қызметкер табысынан ұсталатын міндетті 10% зейнетақы жарналарынан бөлек, өз қаражаты есебінен 1975 жылғы 1 қаңтардан кейін туған қызметкерлерінің пайдасына қосымша жарналар аударуға міндетті. ЖМЗЖ есептелетін табыс сомасы ең төменгі жалдақы мөлшерінен кем болмауы және тиісті жылға белгіленген 50 еселенген ЕТЖМ-нан аспауы тиіс. Жұмыс беруші зейнет жасындағы адамдар, I және II

топтағы мерзімсіз мүгедектігі бар тұлғалар, әскери қызметшілер, сондай-ақ 1975 жылғы 1 қаңтарға дейін туған азаматтар үшін ЖМЗЖ төлеуден босатылады.

– «Арнаулы салық режимі» (АСР) дегеніміз не?

– 2026 жылдан бастап Қазақстан Республикасында жаңа Салық кодексінің күшіне еніп, ҚР Әлеуметтік кодексіне өзгерістер енгізілуіне байланысты жанартылған арнаулы салық режимдері енгізілді. Ол – өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР, оңайлатылған декларация негізіндегі АСР, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған АСР. Бұл режимдер өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың тек салықтарды ғана емес, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын төлеу тәртібін де реттейді.

– Жаңартылған арнаулы салық режимдері қандай мақсатпен енгізілді?

– Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР, оңайлатылған декларация негізіндегі АСР және ШФҚ-ға арналған АСР енгізу келесі мақсаттарға бағытталған:

• өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен шағын бизнесті белсенді тарту арқылы зейнетақы және әлеуметтік жүйемен қамтуды кеңейту;

• Қазақстанның миллиондаған азаматтары үшін бизнесті жүргізуді жеңілдету;

• мобильді қосымшалар мен онлайн-платформалар арқылы салықтық әкімшілендіруді одан әрі цифрландыру.

Бұл жаңашылдықтар зейнетақы жинақтарын қалыптастыруға, еңбек ететін азаматтардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге және «көлеңкелі экономиканың» азаюына ықпал етеді.

– Қандай арнаулы салық режимдері енгізілді?

– Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР 2026 жылдан бастап енгізілген бұл АСР жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайтын және жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлғаларға (Қазақстан азаматтары мен қандастарға) арналған. Режим Үкімет бекітетін қызмет түрлерінің шектеулі тізбесіне қолданылады. Айлық табыс мөлшері тиісті қаржы жылының I қаңтарында қолданыста болған 300 еселенген АЕК-тен, ал жылдық табыс 3 600 АЕК-тен аспауы тиіс. Осы режимді қолданатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар алынған табыстарынан міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын өз бетінше төлейді.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар АСР-ны арнайы мобильді қосымшаны пайдалана отырып, оның чектері және өзге көздерден алынған кірістер туралы басқа да мәліметтер негізінде қолданатын болады. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР-да жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ орындардағы кірістерді есепке алу өздері әзірлеген қарапайым нысанда, операциялардың күнін, атауын, әрбір операция нәтижесінде алынған сомаларды, әрбір күн үшін, бір айдағы қорытынды соманы көрсете отырып жүргізіледі.

«БЖЗК» АҚ БАСПАСӨЗ ОРТАЛЫҒЫ

«Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын»

ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

датчиктер, қашықтан бақылау технологиялары енгізілуде. Алайда бұл краншының рөлін азайтпайды, керісінше одан да жоғары біліктілікті талап етеді. Бұл тұрғыда, мамандық жойылмайды, қайта өзгереді. Сондықтан жастарды осы салаға қызықтыру үшін кәсіби білім беруді күшейту, жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру – уақыт талабынан туындап отырған жайт.

Бір сөзбен айтқанда, краншы – биікте отырып, ел дамуына үнсіз үлес қосып жүрген азамат! Оның еңбегі әр салыңған үй мен әлеуметтік нысандардан көрінеді. Қоғам үшін маңызды бұл кәсіп иелеріне деген көзқарас та, қолдау да соған лайық болуы тиіс. Бүгінде осындай жауапкершілігі зор салада талай жыл табанды еңбек етіп, өз ісінің нағыз шебері екенін дәлелдеп келе жатқан жанның бірі – Жанат Төлепбекұлы кран машинисі мамандығын саналы түрде таңдаған. Жастар үшін күрделі көрінетін бұл кәсіпті ол жауапкершілік пен тәртіпті талап ететін өмірлік жол деп қабылдапты.

Кейіпкеріміздің айтуынша, әскери қызмет барысында ол арнайы оқудан өтіп, ауыр техниканы басқарудың қыр-сырын жан-жақты үйренген. Алғашында бұл уақытша міндет сияқты көрінгенімен, кейіннен кран тізгініндегі жұмыс оның өмірлік кәсібіне айналыпты. Әскердегі тәртіп, жауапкершілік пен қауіпсіздікке деген қатаң талап осы мамандыққа қажетті басты қасиеттерді қалыптастырды.

Әскерде жүргенде ол жүк көтергіш крандармен жұмыс істеуді тәжірибе жүзінде меңгеріп, техниканың құрылымын, қауіпсіз пайдалану ережелерін терең меңгерді. Сол жылдары алған білімі мен дағдысы кейінгі өмірінде де үлкен артықшылық болды. Бұрынғы өтеген соң да осы бағытта еңбек жолын жалғастырып, кәсіби маман ретінде жұмысқа орналасты. Бүгінде ол ауыр және ірі габаритті жүктерді көтеріп, құ-

қымбат техниканың сақталуына тікелей жауап беру. Осы жылдар ішінде оның бірде-бір еңбек тәртібін бұзбағаны немесе өндірістік оқиғаға жол бермегені – кәсібилігінің айқын дәлелі.

Әріптестерінің айтуынша, ол – салқынқанды, сабырлы, кез келген жағдайда дұрыс шешім қабылдай алатын білікті маман. Бүгінде жұмысшы мамандықтарға қызығушылық азайып тұрған кезеңде Жанат Бикұрмановтың еңбек жолы – жас буын үшін үлкен үлгі. Ол өз мамандығының тек физикалық еңбек емес, үлкен кәсіби білім мен тәжірибені қажет ететін сала екенін ісімен көрсетіп келеді.

Жанат Төлепбекұлының сөзінше, краншыға қойылатын талаптар бар. Мәселен, бұл мамандықты игеру үшін арнайы кәсіби білім немесе курсты аяқтау маңызды. Тиісті разряд пен рұқсат құжаттарының, техникалық ойлау қабілетінің, зейінділіктің, физикалық және психологиялық төзімділіктің болуы, сондай-ақ, биіктен қорықпау – зор жауапкершілік. Сонымен бірге, үнемі медициналық тексеруден өтіп тұруы тиіс. Қандай технология дамыса да, бұл техниканың маңызы жойылмайды, керісінше арта түседі.

Тәжірибелі маман ретінде ол жас краншыларға ақыл-кеңес беріп, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтаудың маңызын үнемі еске салады. Оның пікірінше, бұл салада бастысы – асығыстық емес, сабыр сақтай білу. Жанат Бикұрмановтың сөзінен ұққанымыз, ол марапат пен атаққа ұмтылмайды. Ол үшін ең бастысы – адал еңбек, ұжымның сенімі және күнделікті жұмыстың сапалы орындалуы. Десек те, оның ұзақ жылдық еңбегі – қоғам тарапынан құрметке әбден лайық.

Краншының тілегі орынды. Ол адал еңбектің өтеуін тілге тиек етті. Еңбек адамы тегін үй

МҰНАРАЛЫ КРАНШЫ

Біз – бұл жолы қарапайым еңбек адамы – КРАНШЫ жайында сөз қозғауды жөн көріп отырмыз. Олар қоғам дамуы негізінде көзге көп түсе бермейтін, бірақ, ел экономикасы үшін аса маңызды істі атқара білетін мамандар. Көпшілік үшін әскер – тәртіп пен шыдамды үйрететін кезең. Ал кейбір азаматтар үшін ол болашақта істейтін жұмысының бастауына айналады. Солардың бірі әскер қатарында жүріп, краншы мамандығын меңгерген Жанат БИҚҰРМАНОВ. Еңбек адамы бұл салада 20 жылдан аса уақыт табанды қызмет етіп, өз ісінің нағыз шебері екенін дәлелдеп келеді.

жел мен психологиялық қысымға төтеп береді. Бұл – тек физикалық емес, жоғары деңгейдегі психологиялық төзімділікті талап ететін ЕҢБЕК.

Біз білетіндей, қазіргі краншыға қойылатын талап бұрынғыдан әлдеқайда жоғары. Ол – техникадағы дәлдікті, жүктің салмағы мен тепе-теңдігін дұрыс есептеуі, қауіпсіздік ережелерін жетік меңгеруі, құрылыс бригадасымен нақты байланыс орната білуі маңызды. Сонымен бірге бұл сала мамандары мерзімді түрде медициналық тексеруден өтіп, біліктілігін растап отырады. Себебі, биікте жұмыс істеу – денсаулыққа тікелей әсер етеді. Сондай-ақ, еңбек қауіпсіздігі де басты мәселенің қатарында.

САРАПШЫЛАРДЫҢ пікірінше, өндірістік жаракаттардың басым бөлігі ауыр техниканы пайдалану кезінде орын алады. Мұнда техниканың тозуы, қауіпсіздік талаптарының сақталмауы және кадр тапшылығы да өз әсерін тигізеді. Оның бір күндік жұмысы – тек жүк көтеру емес, тәуекелді басқару. Сондықтан жұмыс беруші тарапынан заманауи әрі техникалық жарамды кранмен қамтамасыз ету, қауіпсіздік нұсқаулықтарын қатаң сақтау, еңбек пен демалыс тәртібін бұзбау – аса маңызды.

Қазіргі таңда краншы – сұранысқа ие мамандықтардың қатарында. Бірақ, аймақтар арасында еңбекақы айырмашылығының бар екені аңғарылады. Мәселен, бұл саладағы жалақы кейбір өңірде жоғары болса, ал кей жерде ауыр еңбекке сай келмейтін деңгейде қалып отыр. Бұл мамандық иелері көбіне зиянды еңбек жағдайында, биіктікте, жоғары жауапкершілікті арқалай отырып жұмыс атқарады. Сондықтан мұндай азаматтардың еңбекақысы мен әлеуметтік кепілдіктері мамандықтың күрделілігіне сай болуы тиіс. Бұл – тек әділдік емес, өндірістегі қауіпсіздіктің де кепілі.

ЦИФРЛАНДЫРУ дәуірінде крандар да «ақылды» бола бастады. Мәселен, оған автоматтандырылған басқару жүйелері,

ЕҢБЕК ИЕСІНІҢ ТІЛЕГІ: «Еліміздің құрылыс алаңдары мен өндіріс орындарында күн сайын мыңдаған жұмысшы маңдай терін төгіп жүр. Солардың ішінде краншылар – ауыр техниканы меңгеріп, адам өмірі мен ірі нысандардың қауіпсіздігіне тікелей жауап береді. Алайда қоғам үшін аса маңызды осы кәсіп иелерінің көкейінде бір ортақ тілек бар. Ол – тұрақты баспанаға қол жеткізу.

Краншы – кез келген ауа райында, биіктікте отырып, аса қауіпті әрі жауапты жұмысты атқарады. Бір қате қимыл үлкен апатқа әкелуі мүмкін. Соған қарамастан, көп жылдық тәжірибесі бар мамандардың басым бөлігі әлі күнге дейін жалдамалы пәтерде тұрып, ай сайынғы табысының қомақты бөлігін тұрған үйінің ақысына төлеп келеді. Біз ел үшін үй салып жатырмыз, ал өзіміз сол үйлерге қол жеткізе алмай жүрміз. Бұл – жеке адамның ғана емес, көптеген жұмысшы маманның ортақ жанайқайы. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан түрлі тұрғын үй бағдарламасы іске асырылып жатқаны белгілі. Алайда олардың басым бөлігі мемлекеттік қызметкерлерге, жас отбасыларға немесе белгілі бір санаттарға бағытталған. Ал жұмысшы мамандық иелері – краншы, дәнекерлеуші, монтажшы, жүргізуші секілді еңбек адамдары бұл бағдарламаларда көбіне тасада қалып қояды. Мамандардың айтуынша, егер осындай ауыр әрі тапшы кәсіп иелеріне арнайы тұрғын үй бағдарламалары қарастырылса, бұл бірнеше мәселені қатар шешер еді. ЕКІНШІДЕН, жұмысшы мамандықтардың беделі артар еді. ЕКІНШІДЕН, жастардың осы салаға келуіне нақты ынталандыру болар еді. ҮШІНШІДЕН, кадр тұрақтылығы қалыптасып, өндіріс пен құрылыс саласындағы тапшылық азаяр еді».

рылыс пен өндіріс нысандарындағы жауапты жұмыстарды абыроймен атқарып келеді.

– Әскерде алған тәжірибем мені тәртіпке, асықпай, әр қадамды ойлап істеуге үйретті. Краншы үшін бұл – ең маңызды қасиет, – дейді кейіпкеріміз.

Осылайша әскердегі тәжірибе мен азаматтық талаптың үйлесімі – нағыз еңбек адамының қалыптасуына жол ашты. Тәжірибелі краншы үшін әрбір жұмыс күні – адамдардың қауіпсіздігі мен

сұраған жоқ, «тек ұзақ жылдық маңдай терімен ел игілігіне үлес қосқан мамандарға қолжетімді шарттар жасалса», дейді. Тұрақты баспана – еңбек адамы үшін ертеңгі күнге кепілдік болар еді. Қоғам дамуы тек биік ғимараттармен емес, сол нысанды салған адамдардың әлеуметтік жағдайымен өлшенеді. Сондықтан кран тізгінінде отырған қарапайым еңбек иесінің «ҮЙ БЕРІЛСЕ» деген тілегі – назардан тыс қалмауы тиіс маңызды әлеуметтік мәселе!

ҚОРЫТА АЙТҚАНДА – талай жыл кран тізгінін сенімді ұстап келе жатқан Жанат Бикұрманов – жұмысшы мамандықтың шынайы бейнесі. Оның еңбек жолы еліміздегі құрылыс пен өндірістің қалай дамып келе жатқанын, сол өркендеудің соңында қандай қарапайым, бірақ кәсіби адамдар тұрғанын айқын көрсетеді. Осындай білікті мамандар барда, ел экономикасының берік тірегі де мықты болары сөзсіз.



Айтгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен осы сала жайына біраз тоқталып өтсек дейміз. ҚАЛА көкжиегінен қалықтаған мұнаралы крандар – заманауи өркениеттің үнсіз символы іспеттес. Көпқабатты үйлер, өндірістік нысандар, көпірлер мен инфрақұрылымдық жобалар осы алып техниканың көмегінсіз салынбайды. Ал сол техниканың дәл жүрегінде – краншы отыр. Бір қарағанда, көзге түсе бермейтін бұл мамандық иесінің жауапкершілігі орасан зор, десек те қоғамдағы бағалануы әлі де жеткіліксіз.

КРАНШЫ – жүк көтергіш техниканы басқаратын жоғары білікті жұмысшы. Ол тек тетіктерді іске қосатын оператор ғана емес, ол – дәлдік, есеп және сабырды бойына тоғыстырған. Бір қате қозғалыс – қымбат материалдың бүлінуіне, өндірістің тоқтауына немесе ең сорақысы – адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Краншылардың жұмыс орны кейде 30-70 метр биіктікте орналасады. Олар ұзақ уақыт бойы тар кабинада отырып, ауа райының ыстығы мен суығына,

* ЕЛІМІЗДЕ техникалық жұмысшы мамандарға – оның ішінде краншы секілді техниканы меңгерген кадрларға сұраныс жоғары, әсіресе құрылыс және өнеркәсіп салаларында.

* ҚАЗІРГІ жастар арасында инженер-әкімшілік, офис, IT салалары танымал, ал техникалық мамандықтарға – соның ішінде кранға қызығушылық салыстырмалы түрде төмен. Бұл келешектегі кадр тапшылығын тудыруы мүмкін.

* БҮГІНДЕ көптеген жұмысшы маман орта жаста немесе зейнет жасына жақындаған. Бұрынғы буын жұмысшылардың орнын алмастыру үшін жаңа кадрлар жеткіліксіз.



МӘСЕЛЕ

Талдықорғандағы көпқабатты үйлердің ауласын түс ауа бір аралап шықсаңыз көзіңіз біз айтпақ мәселеге әбден қанығады. Ойын аландарында, подъездің алдында смартфон шұқылап құмары қанбай жүрген жеткіншектерді көресіз. Ауыздарынан алақұла болып ағытылып кетіп жатқан бокауыз сөздерді де естисіз. Күйіп-пісіп әлдебір соғыста жүреді.

Осы ретте журналистік қызығушылықпен арнайы ауаларды аралауға шықтық. Жұмыстың іргесіндегі аулаға бас сұққанымыз сол еді, жоғарыда айтқан ойыншыларға бірден жолықтық. Балалардың қасына баспалап ақырын бардық, ретін тауып пікір алмастық. Не істеп отырғандарын біліп тұрсақ та, «неге жиналып алғаныңдар?» – дедік.

– *PUBG ойнап отырмыз*, – деді бір топ баланың ішіндегі ересектеуі. Қызық көріп, оны қалай ойнайтындарын сұрадық.

– *Ең бірінші қару-жарақ таңдап алу керек. Достарымызбен топ құрып, бір-бірімізді қорғаймыз. Содан соң барып жаулармен соғысамыз. Бұл жерде барлық мемлекет бар. Бәрін жеңсек келесі кезеге өте береміз*, – деді 5-сыныптың оқушысы Санат.

Бұл PUBG жөнінде тереңірек зерделемекке Google-ға жүгіндік. Жан-жақты мәліметті әп-сәтте алдымызға тосты. Жалғыз осы ойынның түрін ғана емес, соған ұқсас бағдарламалардың барын аңғардық.

PUBG – «battle royale» жанрындағы ойын. Жүзге жуық ойыншы бір картаға түсіп, қару-жарақ жинап, бір-бірімен шайқасады. Мақсат – соңғы тірі қалған ойыншы болу. Бұл жерде достықтан гөрі – бәсеке, сабырлан гөрі – шыдамсыздық, кешірімнен гөрі – ату басым. Бір сөзбен айтқанда тірі қалу философиясын жүзеге асыруды көздейді.

Мұндай ұзақ уақыт атыс ойындарын ойнау баланың агрессиялық реакцияларды күшейтіп, тәуелділік туындататыны бесенеден белгілі. Шынайы өмір мен виртуалды әлем арасындағы шекараны көмескі ететіні сөзсіз. Жасөспірімдер эмоцияны жылдам қабылдайды десек, ал экрандағы зорлық-зомбылық санада із қалдыруы ғажап емес. «Күн сайын «жеңу» үшін күрескен бала ертенгі өмірде де тек қарсылас іздеп кетпей ме?» – деген сауалдың туындауы заңдылық.

Roblox, Minecraft, Brawl Stars, Garena Free Fire, PUBG Mobile секілді ойындар қазір баланың күнделікті өмірінің бір бөлшегі іспетті.

9-сынып оқушысы Әли Тұрарбек 4 жылдан бері интернеттегі ойындарды ойнап келеді. Ол одан демалатынын айтады.

– *Жалпы цифрлық ойындар адамның ойлау қабілетін дамытады, жылдам шешім қабылдауға үйретеді, ағылшын тілін меңгеруге ықпал етеді*, – дейді ол.

Ал Айжан Амантайқызы 3 баланың

САУЫТЫ ЖОҚ «САУСАҚ» батырлар

Телефондағы атыс-шабыс, қанды-қасап ойындар ұлт болашағына төнген үлкен қауіп. Бар уақытын компьютерлік клубта өткізіп жүрген оқушылардың жай-күйі әзірге ешкімді алаңдатып жатқан жоқ. Бұрыш-бұрышта Wi-Fi іздеп, сабақтан шыққан бойда смартфонға үңілген бала қоғамның қабытты көрінісіне айналып отыр. Асық атып, ләңгі теуіп, далада доп қууы тиіс өрендер бүгінгі виртуалды майданның «жауынгері».

Медет ЖҰМАБАЙ



анасы. Бүгінде үш ұлының да көру қабілеті нашарлаған. Дәрігерлер мұның басты себебі ұлы телефонды шамадан тыс әрі ұзақ уақыт қолданудан екенін айтқан.

– *Балаларым бұрын аулаға шығып, өз беттерімен ойнамайтын. Таңнан кешке дейін смартфонға тесілетін де отыратын. Көбіне ойын ойнайтын. Дәрігер айтқаннан кейін соңғы бір жылда оларды мүлдем телефон ойнаудан тидық. Көру қабілеттері әлі оңала қойған жоқ. Арнайы орталықтарға анарып*

жаттығу жасатып, емдетіп жүрміз. Осы телефонға қарағаннан тілдері де кеш шықты, – деп жас ана мұның шақты.

Жалпы жоғарыда аталған ойындардың бала денсаулығына тигізер зияны орасан екенін түйсіндік. Ал жасөспірімдер психологиясына қалай әсер ететінін мамандардың аузынан естігенді жөн көрдік.

– *Әсіресе атыс-шабыс, зорлық-зомбылық көріністері бар ойындар баланың мінезіне кері әсер етеді. Мұндай ойындарды жиі*

ойнаған жеткіншек шынайы өмірде де ашуын тез көрсетіп, шыдамсыз болады. Кейбір балалар жеңілісті қабылдай алмай, күйзеліске түседі. Телефонға тәуелді бала достарымен аз араласады, отбасымен бірге уақыт өткізуге құлықсыз болады. Бірте-бірте виртуалды әлем оған шынайы өмірден қызығырақ болып көрінеді. Бұл әлеуметтік оқишулануға әкеледі. Ең алдымен, бала телефонға тым көп уақыт бөлсе, оның зейіні шашыраңқы болады. Сабақ оқығанда тез жалығады, кітап оқуға немесе үй тапсырмасын орындауға шыдамы жетпей жатады. Ұйқысы бұзылып, кеш жатып, таңертең шаршап тұрады, – дейді «Психологиялық қолдау бөлімінің» кеңес беруші педагог-психологы Салтанат Тобықбаева.

Ауладағы өскелең өрендердің пікірін тыңдаған соң қаладағы компьютерлік клубтар мен PlayStation ойнайтын орталықтарға да бардық. Есіктен енген сәттен бастап-ақ құлақ тұндырап айқай мен бейдеп сөздер қарсы алды. Экрандағы жеңіліс пен жеңіс эмоциясын жасөспірімдер анайы сөзбен жеткізеді. Бірі қателесе – боқтайды, екіншісі ұтылса – айғайлайды. Тіпті, бірін-бірі қорлап, намысына тиетін тіркестерді еркін қолданатынын аңғардық.

Әңгімеге тартқымыз келіп, ымдап сөйлеген бізге ешқайсысының жауап бергісі жоқ. Ойынхана әкімшіліктері суретке түсіруге рұқсат етпеді.

Көкейіміздегі ең үлкен сұрақ «бұларды кім бақылайды?» Көптеген ата-ана баласының қайда жүргенін, қанша уақыт ойынханада отырғанын білмеуі мүмкін. «Үйде сабағын оқып отыр» деп ойлайды. Ал шын мәнінде, жас ұрпақ виртуалды майдан даласында.

«Бұл орындарға облыстық Полиция департаментінің қызметкерлері тарапынан бақылау жүргізіле ме?» – деген сұрақ негізінде сала өкілдеріне байланысқа шықтық.

– *Жалпы PlayStation мен компьютерлік клубтарға оқушылардың баруына шектеу қойылмаған. Олар кешкі сағат 21.00-ге дейін бола алады. Біз өткен жылы 16 құқық-бұзушылық фактісін анықтадық. Оның ішінде 3 дерек PlayStation ойын залдарында, 2 жағдай компьютерлік клубтарда тіркелді. 6 жасөспірім түнгі 22.00-ден кейін заң талаптарын бұзып, ойын орындарында жүргендіктен әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ал биыл 3 құқықбұзушылық фактісі анықталып, 1 кәмелетке толмаған жасөспірімнің сағат 22.00-ден кейін қоғамдық орында жүргені белгілі болды. Осы дерек бойынша 1 заңды өкіл әкімшілік жауапкершілікке тартылды*, – дейді облыстық полиция департаментінің баспасөз хатшысы Жанар Қалықова.

Бүгінгі клубтағы даңғаз ертенгі күні білімдегі олқылыққа, тәртіптегі салғырттыққа, рухани жұтандыққа айналуы мүмкін. Саусағы жүйрік болғанымен, ойы саяз, сөзі дөрекі ұрпақ ұлт болашағы үшін қауіпті. Бізге экран алдында «атысқан» емес, өмірде максатқа ұмтылған, біліммен қаруланған, мәдениетті, жауапты жас буын қажет. Қаламыз бен даламыз сауыты жоқ, «саусак батырларға» толып кетпесін.

(Соңы. Басы 1-бетте)

Таяқ тәрбие ҚҰРАЛЫ МА?

Бұрын жаңалықтардан өзге елде ата-анасынан зәбір көрген балаларды көрсеткенде жаныңды аяз қарып, көңілге кірбің ұялаушы еді. Қазір біздің облыста да шақалағын туа салып тастап кеткен, жеткіншегін жетімдер үйіне сүйреп әкелгендерден бөлек ай сайын бір отбасы бүлдіршінін өлімше етіп сабауда. Ең сорақысы – «біз де таяқ жеп өстік қой» деп ұрғаннан еш әбестік көрмейтіндер де бар екен. Бұл аландарлық жайт.

Қаңтарда Жаркент қаласында өз баласын батареяға байлап, аяусыз тепкілеп, таяқтаған ананың әрекеті жұртты дүр сілкіндірсе, ақпанда «102» арнасына медициналық мекемеден үш жасар баланың зорлық-зомбылық белгілері бар дене жарақатымен жеткізілгені туралы хабарлама түсіп елді тағы үрейге салды. Кеуделе соккан жұдырықтай жүректің ашуға, балаға деген кекке толуына не себеп?! «Енесі тепкен құлынның еті ауырмас» деп ақтайын десең, төпелеп ұрсып емес, төмпешіп ұрып жатыр. Бұл жалғыз мысал емес. Қоғамда «Баланды аясаң, аяма» деген тәмсілді кері түсініп, бүлдіршінің қателігін тоқпақпен түсіндіріп, қырғидай тиетін тасбауыр әке мен безбұйрек ана көп. Тентектікті тезге салу – тепкілеу емес. Бүлдіршінді үркіту, ұрып-соғу арқылы жөнге сала алмаймыз.

Қоғамда «буллинг» деген бүлік бар. Бұл – мектептегі әлімжеттік. Ол «жүйені» дағдайыңдар да, жақтайыңдар да тағы бар. Жақтайыңдар: «Бала күнімізде үлкен сыныптағы балалардың сокқысын жеп, мықты болып өстік», – дейді. Біреу тиіссе әкене айтасың, ал әкен тиіссе кімге айтасың? Бүйте берсек кейін мейірім мен адами құндылықтардан ада, жасқаншақ, қорқақ, өз ойын анық жеткізе алмайтын ұрпақ өсетіні анық. Полиция қызметкерлері мен психологтар баланы жазаман тәрбиелеудің салдары ауыр екенін айтып дабыл қағуда. Тәрбиенің негізі – ата-ана ұл-қызына өзін үлгі тұтып, сыйлайтындай дәрежеде өнеге көрсетуі болса керек. Сондықтан тәртіп бұзған баланды «жүгенсіз кетті»

БАЛА БАҚЫТЫ - ҚОҒАМ ЖАҚҰТЫ

деп жұдырық ала жүгірмей, қателігі болса байыппен түсіндіруге тырысу керек. Ал ес білмейтін баланды соғу – үлкен қылмыс. Қар қылаумен, бала сылаумен өсетінін ұмытпайық.

БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫ – ҒЫЛЫМ


Әдетте баланың текті, көрегенді отбасында тәрбие алғанын байқау әсте қиын емес. Оны бүлдіршінің берген сәлемі мен үлкенді сыйлауынан-ақ аңғаруға болады. Бала психологиясы – ғылым. Оны ықылым заманнан білген халқымыз тәрбиені талбесіктен емес, құрсақтан бастаған. Балдырған кезінен бойына ізгілік қасиетін ұялатқан. Таяқпен емес ақылмен тәрбиелеген. Ғасырлар қойнауын зерделейтін болсақ, жасы кіші бала тұрмақ, ата-әжелеріміздің өзі жүкті әйелге жол берген. Ізгілік танытып тұрса да аналарымыз: «Сен жүктісің қызым. Құрсағыңда ел басқаратын ұл болуы мүмкін, сондықтан батырдың жолын кеспеймін», – деп жолы мен батасын беріп, ізгі тілек білдірген. Міне, бұл елімізді басқалардан өзгешелеп тұратын ерекше қасиет.

КЕРЕК КЕҢЕС

Динара Мырзақанова, көпбалалы ана:

– *Кейбір ата-ана балаларды ұрып-соғып, жазалауды тәрбие деп ойлайды. Бұл қазақы тәрбиеге салсаң да, асыл дінімізде де, маман кеңесіне жүгінсең де дұрыс емес. Баланы тәрбиелеудің ерекше жолын іздеудің қажеті жоқ. Ата-ана алдымен өзін тәрбиелесе болғаны. Халқымызда «баланы құрсақтан тәрбиелейді» деген аталы сөз бар. Бала туған күннен бастап оның тәрбиесін бір сәтке қадағалаусыз қалдыруға болмайды. «Жұрттың баласын қарашы?!» деп салыстырмай, кемсітпесең, балаң да мықты болып өседі. Ең бастысы – мейірімді сезіну керек.*





ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ



ЖЫЛЫМ

ЖҒЫРМА

КҮНДЕЙ ӨТЕ ШЫҚТЫ

Ақын Нұрлан Мәукенқызының жарымен тілдесудің сәті тұсті. Ыңи қыздесу – жай ғана естелік айту емес, жүрек тұбінде қатталған сағыныштың үнін есту еді. Ақын жырларынан таныс миң мен мөлдір сезімнің қайнарын біз оның жарының жанарынан аңғардық.



Сарби ӘЙТЕНОВА



Жақсының жары болу – тағдыр сыйлаған бақыт қана емес, көтерер жүгі ауыр жауапкершілік. Ол – жардың биігін қызғанбай, қайта соған сүйеніш болу, оның мұратын өз мұратындай көру, кеткен соң артында қалған сөзін, есімін, рухын аманаттай сақтау. Гүлмира Амангелдіқызының әр сөзі осының айғағындай әсер қалдырды.

Жиырма жылдық ортақ ғұмырдың жиырма күндей өте шыққаны – өмірдің өткініштілігін емес, махаббаттың шынайылығын сездіреді. Айырылысу, перзент қасіреті жүректі жараласа да, ол сынбаған. Себебі жақсының жары болу – қайғыдан құламау, сағынышты сабырға айналдыру, аманатты адал алып жүру.

– Мен – Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданының Сартерек ауылында дүниеге келдім, – деп бастады әңгімесін Гүлмира Амангелдіқызы. – Әкем Амангелді Аужалұлы небәрі отыз жасында жол апатынан дүние салды. Анам Бикамал Төлегенқызы бес бірдей баламен жесір қалып, тағдырдың ауыр жүгін қайыспай көтерді. Үйдің тұңғышы болғандықтан, ерте есейіп, анама сүйеніш, бауырларыма қорған болуға тырыстым.

Сегізінші сыныпқа дейін ауыл мектебінде оқып, кейін Зайсандағы Ломоносов атындағы орта мектепті тәмамдайды. Сол мектепте Нұрлан ағаймен бірге оқиды. Жамбыл ауылының тұсаы Нұрлан Мәукенұлымен басталған достық уақыт өте үлкен сезімге ұласады.

1979 жылы кеуері Алматыға оқуға келеді. – Мен Халық шаруашылығы институтына (Нархоз), ал Нұрлан ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсті. Студенттік шақ – біз үшін арман мен үміттің кезеңі болды. Алматының кинотеатрларын бірге аралап, талай кешті кино залдарында өткіздік. Жастықтың сол бір жарқын сәттері әлі күнге жүрегімде.

Нұрлан бала кезінен шығармашылыққа бейім болды. Аудандық «Достық» газетінде өлеңдері жарияланып тұрды. Арман қуып журналистикаға түскен ол қаламын ешқашан қолынан түсірген жоқ. Оның өміріндегі ең үлкен мақсаты – сөзге деген адалдық болды. 1982 жылдың 10 желтоқсанында шаңырақ көтерді. Бір жылдан кейін Гүлрәң дүниеге келді. 1985 жылы Гүлден өмір есігін ашты. Сегіз жылдан соң ұлымыз Наздан туды. Балаларының есімін ерекше болсын деп Нұрлан өзі қойды. Әр есімінің астарында әке жүрегінің жылуы бар еді, – деп жалғады сөзін жақсының жары.

Институтты бітірген соң Алматыда қалу оңай болмай, ауылға оралады. Нұрлан ағай Зайсандағы аудандық «Достық» газетіне тілші болып жұмысқа орнығады. Бірте-бірте бас редакторлыққа дейін көтеріліп, кейін аудандық баспа үйінің директоры болады. Қызметтік жолы жылдам өрлеп, еңбеккерлігі мен таланты оны алға жетеледі. Кейін аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарады. Одан соң аудандық партия комитетінде еңбек етеді. 1990 жылы Алматыдағы Жоғары партия мектебіне оқуға жіберіледі.

– Сол жылы Зайсанда жойқын жер сілкінісі болып, ата-әнемнің үйі қирады. Өзіміз тұрған екі қабатты үйдің қабырғасы жарылып, қазақ үйде тұруға мәжбүр болдық. Нұрлан жоғары партия мектебінің ректоры Әбдеш Қалмырзаевқа кіріп, жағдайымызды айтқанда, ол кісі бірден қолдау көрсетіп, Алматыдағы қазіргі Достық даңғылы мен Абай көшесінің қиылысындағы

гимараттан (қазіргі КИМЭП орналасқан орын) үлкен бөлме бергізді. Кең бөлмені бөліп, шағын шаңыраққа айналдырдық. Партия мектебін аяқтаған соң ауылға барып қызмет атқарамын деп жүрген тұста Кеңес өкіметі ыдырады. Заман өзгерді. Сол кезде Нұрлан: «Алматыда қалайық, өлеңімді жазып, әдеби ортада жүруім керек. Мен – ақынмын ғой», – деп шешім қабылдады. Жазушылар одағына мүше болып, мүшәйраларға қатысты. «Жас қазақ» газетіне қосымша жұмысқа тұрды. Ол кезде бас редактор ақын Ұлықбек Есдәулетов еді. Редакцияға мені де есепші етіп алды. Осы газетте партия мектебінде бірге оқыған досы Ғалым Жайлыбай, Қасымхан Бегманов (марқұм), Темірғали Көпбаев сынды азаматтар қызмет атқарды. Сол кездегі жастар бір-бірімен жарыса өлең жазып, үлкен азалардан тәлім алды. Ұлықбек Есдәулетов, Иранбек Оразбаев, марқұм Темірхан Медетбек, Рафаэль Ниязбек, Жәркен Бөдеш сынды ақындар ақылдарын айтып, шыңдалуына ықпал етті. Өз замандастары – Ғалым Жайлыбай, Қасымхан Бегманов, Темірғали Көпбаев, Әбділдабек Салықбаев, Маралтай Ыбыраев, Жарас Сәрсек, Бақыт Бөделхан, Жанарбек Әшімжан сынды қаламгерлермен араласты.

Нұрлан адамгершілігі мол, парасатты, үлкен-кішімен тіл табыса білетін, мәдениеті жоғары жан еді. Марқұм Асқар Сүлейменов те бір сөзінде: «Өлеңдері де «ишк», өзі де «ишк», жылқыдай сұлу азамат екенсің», – деп бағасын берген еді.

1993 жылы сол кездегі әкім Заманбек Нұрқаділов 20 мың қазаққа тегін жер бергізді. Біз де Тауғұлден жеміт сөтпек жер алдық. Бұл жер алғашында қызыл қызғалдақ көмкерген алқап еді. Жиырма жылға жуық асарлатып жүріп үй салдық. Құрылыс материалын табу қиын заман болатын. Ал 1997 жылы Нұрлан ауыр ота жасатып, денсаулығына байланысты мүгедектік рәсімделді. Арақидік қан қысымы көтеріліп, жүрегі мазалайтын. Бірақ өлеңнен қол үзбеді. Мүшәйралардан жүлдесіз қайтқан емес. Абайдың 150 жылдығында жүлделі орын алды. «Түркі әлемі» поэзиясында екінші орын иеленді. «Бойтұмар», «Құсни хат» жинақтары жарық көрді. «Құсни хат» кітабы үшін халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды. Ол кезде небәрі 41 жаста еді, – деп ағынан жарылды кейіпкеріміз.

Айтуынша, Нұрлан ағай балаларын адал еңбекке тәрбиелеген екен. Бүгінде үлкен қызы – бизнес саласында, екінші қызы – есепші. Ал ұлы Наздан 2020 жылдың алғашқы таңында мәңгілікке көз жұмған.

– Назданым ерте есейді. Әкесіне Құран бағыштап отыратын. Нұр-Мубарак университетіне түсті. Бакалавр мен магистратураны қызыл дипломмен тәмамдап, 25 жасында докторантураға қабылданды. Құлыным-ай, қайтейін, ғұмыры сонша қысқа болады деп кім ойлаған?! Әкесі ерте кетті, небәрі 43 жасында деп жүргенде, ол 26-ақ жасында, мезгілсіз бұл өмірмен қоштасты. Жүрегі тоқтап қалды. Әкесі сияқты өте талантты, білімге құштар, көп оқып, көп білетін. Ойлаған арманы көп еді. Амал қан-

ша?! Аллаға қарсы тұра алмадық. Артында қос құлыны – Әбдірахман, Ілияс қалды. Келінім Жанерке бар. Осыларға көрмеген, көре алмай кеткен қызықтарын, шыға алмай кеткен шыңдарын бағындыруды нәсіп етпін. Алладан қалғандары аман болса екен деп тілеймін, – дейді Гүлмира апай.

Өз анасы көз жұмғанша Гүлмира апайдың жанында болып, әркезде демеу болыпты. Ата енесі Мәукен Нұрболұлы мен Дәметкен Рамазанқызы келінін қызындай көрген.

– Нұрлан «әке аты өшпесін» деп тегін Бергазиевтен Мәукенұлына өзгертті. 1999 жылды мені де әкемнің атына ауыстырды. Содан бері өз әкелерімді есімін арқалап келеміз.

Соңғы жылдары жазған өлеңдерінде мұң көбейіп кетті. Түнде, бәрі ұйықпағанда жазатын. Жазғанын маған тыңдататын. Мен кейде: «Мына өлеңдерің тым мұңды, неге көңілді дүние жазбайсың?» дейтінмін. Ол жымсып: «Сен дұрыс түсініп оқы, махаббат жайында да жазылған өлеңдерім бар», – дейтін. «Ақындар ұзақ жасамайды. Ол – маңдайға жазылған заңдылық. Сен дайын бол. Мен аяқасты кетіп қалсам, балаларға сен керексің, саған екі дүниеде де разымын...» – деген сөзін жиі айтатын.

Бірсе өмір сүрген жиырма жылдымыз жиырма күндей өте шықты. Бірақ сол жылдардың әр күні – мағыналы, әр сәті – қымбат. Нұрланды адал азаматтың жары болғаныма, одан ұрпақ сүйеніме разымын. Жақсының жары болу – тек бірге өмір сүру емес екен. Бұл – тағдырды бірге көтеру, мұңды бірге еңсеру, үмітті бірге қорғау. Мен сол жолдан өттім. Сол жолға шүкрің деймін, – деп тебіренді жақсының жары.

Кейіпкеріміз әңгімесінде Нұрлан ағаның бірге оқыған курсы өте мықты болғанын ерекше ықыласпен айтты.

– Жүсіпбек Қорғасбек, Нұртөре Жүсіп, Серғазы Мұхтарбек, Дархан Мыңбай, Еркін Қыдыр, Баян Бекетова, Бейбіт Сапаралы, Шәмшидин Патмеев, Бейбіт Құсанбек (марқұм), Алтынбек Сәрсенбаев (марқұм) – бәрі Нұрланмен бір курста оқыған, елге белгілі, ауыз толтырып айтар азаматтар ғой. Алтынбек Нұрланмен үш курс бірге оқып, кейін Мәскеуге кетті. Өкінішке қарай, Бейбіт Құсанбек 46 жасында, Алтынбек 45 жасында, ал Нұрлан 43 жасында өмірден өтті. Бәрі де бір-бір тұлға болатын, – деді Гүлмира апай күрсініп.

– Шәмшидиннің балалары біздің балалармен қатар өсті. Үлкен қызым Шәмшидиннің ұлымен бірге оқыды, Назданыммен қатар Данияр білім алды. Кейін ұлымыз үйленгенде сол Данияр күйеу жігіт болды.

Ермұрат Бапимен жерлес болдық, оның отбасымен де етене жақын араластық. Композитор Қалдыбек Құрманәлі де Тауғұлден жер алып, көрші боламыз деп жүретін. Сонда олар: «Бір көше Қалдыбек атындағы, енді бір көше Нұрлан атындағы көше болады», – деп әзідеп, мәз болатын. Мен де: «Өмірден кетпей жатып, өздеріңе көше атын беріп не болды?» – деп күлетінмін.

Нұрлан өмірден өткенде үлкен қызым үшінші курста оқып жүрді, екінші қызым

мектеп бітіргелі жатқан. Ал ұлым небәрі он жаста ғана. Пандемияға дейін курстастар бір-бірімен етене араласып тұрды, кейін телефон арқылы ғана хал сұрасатын болдық. Балаларымыздың тойларын да сол жора-жолдастары көтеріп әкетті. Назданым қайтыс болғанда бірде-бірі қалмай келді.

Алтынбек Нұрланмен кейін үш жылдан соң дүниеден өтті, одан кейін Бейбіт кетті. Пандемия тұсында да талай жолдасы өмірден озды. Алтынбек марқұм Нұрлан қайтыс болған соң бір жылдан кейін Әуезов театрында елді жинап, еске алу кешін ұйымдастырды. Сол кеште Нұрланның кітабын шығарып, тұсауын кестірді. Кітаптың алғы бетіне: «Нұрлан, соңында қалған шығармаларыңды шығаруды өзіме парыз санадым» деп жазыпты. Кейін зират басына мүсінін орнатты. Қалдыбектер бастамашы болып, курстастары қолдап, екі мүсін жасатқан. Бірі зират басына қойылды, екіншісін ауылындағы мектепке орнатпақ болды. Алайда білім ошағына атын беру оңай емес екен. Дегенмен Зайсанда Нұрлан атына көше берілді. Екі жылда бір рет аудан орталығында Нұрлан Мәукенұлының оқулары өтеді. 27 мектептің, 5-11 сынып аралығында оқушылар өлең оқудан жарысқа түседі. Нұрлан өлеңдерін жаттау оңай емес қой. Алайда оқушылар өте тамаша дайындықпен келеді. Мен екі жылда бір сол шараға қатысып, ас беріп, Құран оқытып қайтамын.

Жамбыл ауылында Манарбек Бошақов, Серік Ақтанов және тағы басқа достарының арқасында Нұрлан атындағы керемет саябақ ашылды. Бұл жерге әрбір жаңа шаңырақ көтерген жастар, ауылдың үлкендері де барып, тағзым етіп, гүл шоқтарын қояды. Ауылдағы мектепке аты берілмегенін Алматыдағы бір көшеге Нұрлан аты берілсе деймін. Алматы – оның ақындығы шыңдалып, танылған әсем қала ғой.

Нұрлан салмақты, өз жасынан биік тұратын парасатты жан еді. Ренжігенде айтатын жалғыз сөзі: «Атаңа нәлет» болатын. Өз отбасындағы алты ұл мен бір қыздың бәрі өте тәрбиелі болып өсті ғой. Әкелері механизматор, аналары үй тірлігімен айналысқан қарапайым отбасы болса да, балалары мұғалімнің балаларындай мәдениетті еді. Сол тәрбиені көріп өскен Нұрлан атының туысқанға, отбасына, жарына деген адалдығы да ерекше болды, – дегенде Гүлмира апайдың жанары бір сәтке жасқа толды.

– Кейде әке әйел алу жайлы әңгіме қозғала қалса, «мұндай әңгімені қозғамандар, мен қыз балаларды тәрбиелеп отырған әкемің» дейтін. Бұл да бір әйелге деген адалдықтың белгісі шығар...

Бұл сөздерден Нұрлан ағаның болмысы, оның өмірге, отбасына, жарға деген тазалығы мен адалдығы айқын сезіледі. Ал сол адалдықтың бар салмағын бірге көтерген Гүлмира Амангелдіқызы – нағыз жақсының жары екенін уақыттың өзі дәлелдеп келеді.

– Нұрлан ағаның жырларын кейде қайта парақтап отырып, оның әр шумағында жүрек соғысы жатқанын сеземін. Өмірге, адамға, махаббатқа деген көзқарасы қандай таза, қандай шынайы еді... Сол әлем әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Әдебиетші ғалымдар назар аударып, ақын поэзиясының табиғатын аударса, оның лирикасы жаңа қырынан танылар еді. Әсіресе, сезімге құрылған нәзік өлеңдеріне әуен жазылып, сахна тәрінде шырқалса – жырдың ғұмыры ұзара түсер еді.

Қазірдің өзінде Еркін Шүкіман орындап жүрген ән бар. Зайсан ағаның өнерлі жігіті Дәлел Уәшев те Нұрлан ағаның сөзіне жазылған екі әнді халыққа жеткізіп жүр. Соның бәрін бір арнаға тоғыстырып, жинақтап, бұйырса 70 жылдығына орай лайықты әдеби-сазды кеш өткізсем деймін. Алматының бір театрында ақын рухына арналған тағзым кеші өтіп, жырлары оқылып, әндері шырқалып жатса – көптен бергі арманымыз орындалғаны болар еді. Сол күнге дейін кітаптарын қайта бастырып, толықтырып шығарсам деген ниет бар.

Елінің Нұрлан есімін өшірмей, жырларын іздеп, еске алып жүргенін көрген сайын көңілім марқайып қалады. Демек, ол халық жүрегінен орын алған. Қысқа ғана ғұмырында артына өшпес із қалдырған азаматтың жары болғаныма Аллаға сансыз шүкрің деймін. Бұл – өмірлік мақтанышым әрі мәңгілік сағынышым, – дейді Гүлмира Амангелдіқызы.

Талдықорған – Алматы – Талдықорған

Алатауға айналған АҚЫҢ

Жалғасы боп Абайлардай тектінің,
Тежей алмай тасқын жырдың екпінін.
Маңдайына сыймай кеттің қазақтың,
Өзіңді асап, іздейтіндер көп бүгін,

Байлыққа да, мансапқа да ермеп ең,
Жұлдыз едің жыр көгіне өрлеген.
Жақсылықты бір Тәңірден сұрадың,
Көкіректе ағып жатты шерлі өзен.

Шын толғандың, шын мұңайдың, шын күлдің,
Арманыңды ақ үмітке ілдірдің.
Іріліктің үлгі болар тұғырын,
Жақын түгіл жатыңа да білдірдің.

Мәр-мәр тастан жасалғандай бір мүсін,
Алатауға айналып сен тұрмысың.
Адамдықтың аттамадың ақ жібін,
Сол үшін де баға жетпес құндысың.

Жыр майданға білімінді баптағанды,
Қыран едің көзіңді қан қаптағанды.
Қаламың да мұқалуды білмепті,
Жүрегіңнің жалынына қақтағанды.

Көп күншілдер тайдырмақ боп тағыңды,
Саған талай жөнсіз күйе жағылды.
Сонда да сен төзімділік танытып,
Сынай білдің бабың менен бағыңды.

Дәлелдедің бойыңдағы дарынды,
Бүкіл қазақ ақын ұлын сағынды.
Мұңайта да, қуанта да білдің сен,
Жырларыңмен өнер сүйер қауымды.

Қара өлеңнің қасиетін мол танып,
Поэзияға жаңалықпен жол салып.
Ой мен бойың таза болса қаншалық,
Мөлдіреген өлең жаздың соншалық.

Баршаға аян жырың бұлттай екені,
Көшіп-көшіп ғасырларға жетеді.
Саған деген ескерткіш сол ең үлкен,
Әр жүректе Мұқағали мекені.

Жыр боп ұшты кеудендегі бұла сыр,
Биігінде қалар әр кез шын асыл.
Тіршілікте көре алмаған күншілге,
Енді шыңнан күле қарап тұрасың.

Бақытжан ӘЛІҚҰЛОВ,
ақын
Алматы қаласы



ЕРЛІККЕ ТАҒЫМ – елдікке құрмет

Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына орай Жансүгіров ауылында тағылымды кездесу ұйымдастырылып, ардагерлерге құрмет көрсетілді. Жиын – ерлік пен елдік рухын ұлықтаған, бейбіт күннің қадірін ұғындырған маңызды шара болды.

Алдымен аудандық қорғаныс бөлімінің ауласындағы Ауған соғысы ардагерлеріне арналған ескерткішке гүл шоқтары қойылды. Жиналған жұртшылық елге оралмай, жат жерде қыршын кеткен боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Бұл үнсіздік – жүректен алғыс пен мәңгілік тағзымның белгісі еді. Одан кейін марқұм болған сарбаздардың рухына Құран бағышталды.

Ардагерлермен кездесу өткізу – халқымыздың батырларға деген құрметін білдіретін, ұрпақ санасына ел қорғаған ерлердің есімін сіңіретін тағылымды дәстүр. Кездесу әрі қарай Ақын Сара атындағы Мәдениет үйі ғимаратында жалғасты. Мұнда Ауған соғысы ардагерлерін аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді Айтбайұлы, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Ғабит Мұсабаламов және «AMANAT»

партиясы Ақсу аудандық филиалының төрағасы Алма Жанатбекқызы ардагерлерді құттықтап, бейбіт өмірдің бағасын білу – бүгінгі ұрпақтың парызы екенін атап өтті. Шара барысында ардагерлер отты жылдардың естеліктерімен бөлісіп, қиын-қыстау кезеңдегі сарбаздық достық, Отан алдындағы борыш, төзім мен табандылық жайлы сыр шертті. Олардың әңгімесі жастарға ерліктің мәнін, бірліктің құнын түсіндірген тағылымды сабаққа айналды. Сонымен қатар мәдениет қызметкерлері ардагерлерге арнап патриоттық әндер орындап, әсерлі қойылымдар ұсынды. Әрбір ән мен жүрекжарды сөз жиынның мазмұнын байытып, қатысушылардың көңілін толқитты. Тағылымды кездесудің басты мақсаты – Ауған соғысының тарихи сабағын ұмытпау, ел қорғаған ерлерге құрмет көрсету және жас ұрпақты отан-сүйіштік рухта тәрбиелеу.

Ерлік – ұмытылмайды, батырлық – бағалануы тиіс. Осындай шаралар арқылы бейбіт күннің бағасы артып, елдік рух нығая түседі.

Мағжан ШЫНДӘУЛЕТ
Ақсу ауданы

Жетісу облысы әкімдігінің 2026 жылғы 17 ақпандағы №47 қаулысына сәйкес «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша облыстық жоғарғы спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 22104000861) «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық жоғарғы спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 23. Байланыс телефоны: +7 775 080 8050.

В соответствии с постановлением акимата области Жетісу №47 от 17 февраля 2026 года коммунальное государственное учреждение «Областная школа высшего спортивного мастерства по неолимпийским видам спорта» государственного учреждения «Управление физической культуры и спорта области Жетісу» (БИН 221040000861) уведомляет о своей реорганизации путем присоединения к коммунальному государственному учреждению «Областная школа высшего спортивного мастерства» государственного учреждения «Управление физической культуры и спорта области Жетісу». Требования кредиторов принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования настоящего объявления по адресу: область Жетісу, город Талдықорған, улица Сағадата Нурмагамбетова, 23. Контактный телефон: +7 775 080 8050.

СТАТИСТИКА

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі 1,2%-ға азайды. Өңдеу өнеркәсібінде 16,8%-ға өсті. Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондиционерленген ауамен жабдықтауда – 9,4% өсті, сумен жабдықтауда, қалдықтарды жинауда, өңдеуде және жоюда, ластануды жою жөніндегі қызметте – 3,9% азайды. Биыл ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 9 600,4 млн. теңгені немесе 2025 жылғы қаңтармен салыстырғанда 100,1% құрады. Көліктің барлық түрінің жүк айналымы 1 326,8 млн. т.км-ді құрады. Өткен жылмен салыстырғанда 175,9%. Жөлуашы айналымы 51,8 млн. ж.км-ға жетті. 2025 жылдың қаңтарымен салыстырғанда 138,3%-ды құрады. Құрылыс жұмыстарының көлемі

КӨРСЕТКІШ ЖОҒАРЫ

2026 жылғы қаңтарда өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағамен 30 687,7 млн. теңгені құрады, бұл 2025 жылғы қаңтармен салыстырғанда 14,4%-ға көп.

1764 млн. тенге болса, былтыр 121,4%-ға жеткен. Ал пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы алаңы 48,6% өсіп, 13,1 мың шаршы метрді құрады. Қаңтар айында негізгі капиталға салын-

ған инвестициялар көлемі 10 121,6 млн. теңгені немесе 2025 жылдың қаңтарымен салыстырғанда 44,9%. Тіркелген заңды тұлғалар саны 2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 8 525 бірлікке жетсе, өткен жылмен салыстырғанда 2,0%-ға ұлғайды. Оның ішінде 100 адамнан кем қызметкерлері барлар 8 289 бірлік. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны 7181 бірлікке жетсе, оның ішінде шағын кәсіпорындар 6 947. Облыста тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындар саны 6 525. Өткен жылы бұл көрсеткіш 3,5%-ға ұлғайды.

ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының Жетісу облыстық департаменті

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ



Қасиетті Рамазан айының алғашқы күні облыстық «Jetisy» газетінде ұзақ жыл еңбек еткен әріптесіміз Нұрбол ӘЛДІБАЕВ өмірден өтті. Еліміздің журналистика саласына елеулі үлес қосып, өзекті мәселелердің жан-жақты ашылуына ықпал еткен Нұрбол Омарбекұлы 1965 жылы желтоқсанның 12-де Кеген ауданы Жалаңаш ауылында дүниеге келген. Кеген қазақ орта мектебін 1982 жылы бітіріп, 1983-1985 жылдары әскери борышын Германияда өтеп келген. 1990-1996 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дың журналистика факультетін, 2007-2009 жылдары Ө. Жолдасбеков атындағы университетті заңгер мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1988-1994 жылдары Кеген аудандық «Қарқара» газетінде бастап, 1995-1999 жылдары республикалық «Жас алаш» газетінде жалғастырады. 2000-2012 жылдары Алматы облыстық «Жетісу» газетінде заң бөлімінің редакторы болып, еңбек етті. 2012-2017 жылдары республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Алматы облысындағы меншікті тілшісі қызметін абыроймен атқарды. Одан кейінгі жылдары республикалық «Заң» газетінің Алматы облысындағы меншікті тілшісі боп еңбек етіп, заңгер-журналист атанды. Қаламы қарымды журналист Нұрбол Әлдібаев «Киелі мекен – Күрнебел», «Іле де ұлы өзен», «Біз екеуіміз» кітаптарының авторы. «Егемен Қазақстан» газетінің 95 және 100 жылдық төсбелгілерінің иегері. Қазақстан халықтар достығы төсбелгісімен марапатталған. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі. Оның қаламы әділдік, адалдық, шынайылық сынды асыл қасиеттерге суарылған тақырыптарды тербеп, жәбір көрген жанның жанарындағы жастың ащы дәмін оқырманға таттыратын. Сол арқылы заңсыздыққа жол бермеу қоғамның бүтіндігін сақтауға септігін тигізетінін білдіретін. Үш қызды мәселені өсірген адал жар, қамқор әкенің жаны жаннатта, нұры пейіште шалқысын. Қасиетті айда бақина бет алған әріптесіміздің артында қалған бала-шағасына, ағайын-туысына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Облыстық «Jetisy» газетінің ұжымы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУЛАР

«Алтынқол-Жетіген теміржол учаскесін жаңғырту үшін пайдаланылатын Жетісу облысы Панфилов ауданында орналасқан 6 учаскеде (СГР №13, СГР №14, СГР №15, СГР №16, СГР №17, СГР №18) кен таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі: 1) 31. 03. 2026 ж., сағат 10.00-де, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Атамекен а.о., Атамекен а., Мухаммади к-сі, 12 мекенжайында; 2) 31. 03. 2026 ж., сағат 15.00-де Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Үлкен-Шыған а.о., Үлкен Шыған а., Жібек Жолы к-сі, 61 мекенжайындағы Мәдениет үйі ғимаратында. Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. **Онлайн конференцияға сілтеме:** <https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03C.MgTp2oURvw5K5QzTmmVrQH0t0TG.1> **Конференция идентификаторы:** 677 493 52 75 **Кіру коды:** YZ1mBb **Белгіленген қызметтің бастамашысы:** «ТЕМІРЖОЛ ЖӨНДЕУ» ЖШС, БСН 030140002252. Мекенжайы: Ақмола облысы, Астана қаласы, «Есіп» ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 10 үй. Тел.: +77172611869, email: yeleussizova_a@kamkor.org. **Әзірлеуші:** «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең к., Кошек батыр к-сі, 165. Тел.: +77474676274, email: zh.zherkoinauy@mail.ru. **Жергілікті атқарушы орган:** «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 87282329867. Ресми интернет-ресурс <https://ndbecology.gov.kz/> және электрондық мекенжайы prroda@zhetisu.gov.kz бойынша мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

Проводятся общественные слушания методом открытого собрания по проекту «План горных работ по добыче общераспространенных полезных ископаемых на 6 участках (СГР №13, СГР №14, СГР №15, СГР №16, СГР №17, СГР №18), Срсположенных в Панфиловском районе области Жетісу, используемых для модернизации железнодорожного участка Алтынқол-Жетіген»: 1) 31. 03. 2026 г., в 10.00 часов, по адресу: область Жетісу, Панфиловский район, Атамекенский с.о., с. Атамекен, ул. Мухаммади, 12. 2) 31. 03. 2026 г., в 15.00 часов, по адресу: область Жетісу, Панфиловский район, Улькеншығанский с.о., с. Улькен Шыған, Дом Культуры по адресу: ул. Жибек Жолы, 61. В случае карантина общественные слушания будут проводиться в онлайн режиме. **Ссылка на онлайн конференцию:** <https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03C.MgTp2oURvw5K5QzTmmVrQH0t0TG.1> **Идентификатор конференции:** 677 493 52 75 **Код доступа:** YZ1mBb **Инициатор намечаемой деятельности:** ТОО «ТЕМІРЖОЛ ЖӨНДЕУ», БИН 030140002252. Адрес: Ақмолинская область, город Астана, район «Есиль», улица Дінмұхамед Қонаев, дом 10. Тел.: +77172611869, email: yeleussizova_a@kamkor.org. **Разработчик:** ТОО «Жетісу-Жерқойнауы», БИН:110440009773. Адрес: Алматынская область, Қарасайский район, г. Қаскелең, ул. Кошек батыра, 165. Тел.: +77474676274, email: zh.zherkoinauy@mail.ru. **Местный исполнительный орган:** ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», тел.: 87282329867. Официальный интернет-ресурс <https://ndbecology.gov.kz/> и электронный адрес prroda@zhetisu.gov.kz по которым заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний.



Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат Комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Мекенжайымыз:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28.
Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.
Меншікті тілшілер:
Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Дастанбек САДЫҚ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнын мәтіннен жарнама беруші жауапты. Компьютерде 16-шы қарпілен тірленде 4 беттен асқан материал қабылданабайды. «Jetisy» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек. Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990 «Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады. Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 181 «Жетісу Медиа» МКК басшыларының жалпы таралымы — 6 579, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 4 617. Индексі – 65469.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК
Басшының міндетін атқарушы:
Марал ДАУТАЛИНОВА
Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71
Бас редактор:
Жұматай ӘМІРЕ



ЖЕКЕ РЕКОРДТАР СЕРИЯСЫ

ОЛИМПИАДА АЛТЫНЫ

Қазақстан құрамасы Италияда өтіп жатқан Олимпиада ойындарынан Владимир Смирновтан (1994 жыл Лиллехаммер, Норвегия; 50 шақырым қашықтыққа шаңғымен жүгіру) кейін араға 32 жыл салып алтын медаль алды. Мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоровтың жеңісі күллі қазақстандықты бір серпілтіп тастағаны анық.

Серік ҚАНТАЙ

Франциялық l'équipe басылымы Шайдоровтың жеңісін «Олимпиададағы басты сенсация» деп атады. Негізгі қарсыластары Илья Малинин (АҚШ), Юма Кагияма (Жапония) негізгі бағдарламаларын таза орындай алмады. Михаил Шайдоров – үш айналым аксель, ойлер, төрт айналым сальхов секірген тарихтағы тұңғыш мәнерлеп сырғанаушы. Ол қысқа бағдарламада төрт айналым лутц және үш айналым тулуп каскадында сәл қателік жіберіп, кейін үш айналым аксель мен төрт айналым тулупты қатесіз секірген еді (92,94 ұпай, 5-орын). Негізгі бағдарламада төрт айналым лутцта ғана сәл қателік жібергені болмаса, қалған күрделі элементтердің бәрін таза орындады (техникасы үшін 114,68 ұпай берді). Негізгі бағдарламаның қорытындысы бойынша 198,64 ұпай алды. Осылайша жалпы қорытынды бойынша 291,58 ұпаймен (бұл мәнерлеп сырғанаушының жеке рекорды) жеңімпаз атанды. Одан кейін жүлдегер тізімінде жапониялықтар Юма Кагиямамен (103,07+176,99 – 280,06 ұпай) Сюн Сато (88,70+186,20 – 274,90 ұпай) тұрды.

– Алтын медаль аламын деп күтпедім. Илья Малинин жеңеді деп ойлады. Негізгі бағдарламаны жақсы сырғанасам медаль болып қалар деп ойлады. Бірақ маған жақсылап сырғанап, былтырғы маусыммен салыстырғанда қиындықты өскенімді, Қазақстанда мәнерлеп сырғанаудың дамып келе жатқандығын көрсету маңызды болды. Себебі жаттығуымның көбін Қазақстанда өткізген едім, – деді Шайдоров марапаттау рәсімінен кейін.

Төрт жылдықтың басты додасында жеңіске жеткен Михаил Шайдоровқа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірден құттықтау жедел хатын жолдап, II дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттау жөнінде шешім қабылдады. Ал негізгі бағдарламада Димаш Құдайбергеновтың әніне өнер көрсеткен Шайдоровқа әнші көлік сыйлайтындығын айтты.

Шайдоров былтыр Бостонда (АҚШ) өткен әлем чемпионатында күміс медаль алды – 287,47 ұпай (қысқа бағдарлама 94,77 және негізгі бағдарламада 192,70 ұпай алды). Одан бөлек Төрт құрлық чемпионатында жеңіске жетті. Енді Михаилдың жүлделер санатында Олимпиаданың алтыны бар.

«ЖҮЛДЕ КҮТТІ..»

Жанкүйерлеріміз жүлде күткен спорттың бірі – шорт-трек. Осының алдында 2022 жылы Бейжіңдегі Олимпиадада жалпы есепте 4-орында келген (40.869 уақыты) Абзал Әжіғалиев бастаған, Денис Никиша бар (екеуі де төртінші Олимпиадасына қатысты) командаға сенім артқанымыз рас.

Осы жолы 500 метрде Абзал ширек финалда өз тобында екінші келе жатып, соңғы айналымда италиялық Лоренцо Превиталимен соқтығысып жартылай финалға өте алмады. Ал жартылай финалда сынға түскен (ширек финалда өз тобында 40,562 уақытымен үшінші келді) Денис Никиша бес спортшының арасынан төртінші келіп, финалға шыға алмады. Ал «Б» финалында (6-10 орын үшін) 41,948 уақытында екінші келді. Бұл спортшының жеке рекорды. Осылайша Денис жалпы қатысушылар арасынан үздік жетілікке енді.

Жарыстан кейін тілшілерге сұхбат берген Абзал Әжіғалиев: «Жанкүйерлердің қолдауы ерекше сезілді. Қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров алтын алғаннан кейін, шорт-тректен де көпшілік медаль күтті. Дегенмен қолымнан келгенің бәрін жасадым. Осы спорттың елімізде дамуына өз үлесімді қостым деп санаймын. Еңбек еттім, халықаралық жарыстарда жеңіске жеттім. Қазақстанда да мықты шорт-трекшілер бар екенін дәлелдедім деп ойлаймын» – деді.

Ерлер арасында мәнерлеп сырғанаудан алтын алғаннан кейін, Софья Самоделькинаның өнерін күттік және ол біз болжағаннан да жақсы нәтиже көрсетті. Қысқа бағдарламада екі аксель, үш луц, үш флип және үш тулуп каскадын таза орындап, 68,47 ұпай алды (жалпы 12-орын). Бұл Софияның жеке рекорды. Ал еркін бағдарламада 138,99 ұпай алып (жалпы 207,46 ұпай) жарысты өз ойлағанындай аяқтады.

Милан Олимпиадасының түгесілер тұсы жақын. Әр ел медаль алып қалу үшін соңғы әрекетке кірісті. Қазақстанның биылғы Олимпиададағы жорығын конькимен 1500 метрге жүгіретін қыздарымыз аяқтайды.

